На областную конференцию приглашались все колледжи, вошедшие в пилотный проект по трехязычию. Все 56 статей конференции опубликованы в сборнике конференции с ISBN. Всем участникам были выданы сертификаты и благодарственные письма выступающим от лица директора УМЦ Карагандинской области.

А также был проведен городской семинар по трехязычному образованию на который приглашались учителя школ, воспитатели дошкольных учреждений города Балхаш, методист городского отдела образования г. Балхаш, учителя и воспитатели г. Приозерск, Сарышаган, Актогайского района, находящихся в пилотном проекте трехязычного образования.

Были даны открытые уроки, по Специальности «Дошкольное воспитание и обучение» показаны уроки в ходе прохождения практики, а так же занятие кружка по биологии и внеклассные занятия. Урок по дисциплине «Психология». 2-й курс. Специальность «Начальное образование» Сулейменовой С.И., преподавателя педагогики и психологии; «Тұрақты электр тоғы. Ом заңдары». Урок по дисциплине «Физика». 1-й курс. Специальность «Основное среднее образование» Еркен А., преподавателя физики; «Бала дамуының ғылыми-психологиялық зерттеу әдістері». Урок по дисциплине «Психология». 1-й курс. – Литературная гостиная «Превыше всего –

любви волшебство!» Бондаренко Г.А., Ким О.А., преподавателей английского языка; заседание кафедры трехязычного образования.

Преподаватели колледжа проходят курсы повышения квалификации по трехязычному образованию – 72 часа, а также языковые курсы по английскому языку – 120 часов в КГКП «Центр языков» отдела культуры и развития языков города Балхаш. В 2016 году курсы английского языка по гуманитарному и техническому отделений.

3. С 21 ноября по 15 декабря 2017 года Сериков М.К. прошел курсы повышения квалификации педагогических кадров, организованный АО «Центром международных программ» за рубежом в Великобритании в INTO Glasgow Caledonian University, в городе Глазго.

4. Зекең К. – по программе «Болашақ» учился в Бостонском Университете и получил степень – «Master of Education – Teaching English to speakers of other languages»

5. Ведется работа по разработке учебно-методических пособий по интегрированному обучению предметов- информатики, физики, химии, биологии и английскому языку; Разрабатываются учебно-методические комплексы и выпускается учебно-методическая продукция по языковым предметам.

6. Студенты колледжа активно участвовали в предметных языковых олимпиадах разного уровня;

Жубайғалиева Жанар студентка 3 курса заняла 2 место в областной олимпиаде по трехязычию. Жубайғалиева Жанар студентка 4 курса заняла 2 место в областном конкурсе по трехязычию.

Асет Қызғалдақ студентка 4 курса заняла 1 место в областном конкурсе по трехязычию.

Орынбек Тореби студент 3 курса занял гран при в городском конкурсе по трехязычию.

7. Преподавателями ведется руководство научно-исследовательской работы студентов на трех языках;

8. 37 студентов и 2 преподавателя, находящиеся в пилотном проекте, прошли онлайн-курс «Система критериального оценивания учебных достижений учащихся» (в рамках обновления содержания образования), организованный Назарбаев интеллектуальной школой – виртуальная лаборатория педагогического мастерства.

9. 23.05.-24.05.2019 года в городе Балхаш прошел Республиканский форум по распространению опыта НИШ. В рамках этого форума наши преподаватели и студенты участвовали в пленарных заседаниях, мастер-классах и культурных мероприятиях в школах и лицеях города.

10. Введены в учебные планы факультативные курсы по углубленному изучению английского языка;

11. Включены элементы преподавания на англий-

ском языке предметов «Информатика», «Физика», «Химия» и «Биология», а также по специальным дисциплинам;

12. Были созданы терминологические словари на трех языках по физике, химии, биологии, информатики и спецдисциплинам, утвержденные на методическом совете колледжа;

13. Реализовался медиа-план по информационному сопровождению трехязычного образования в рамках реализации «Информационной стратегии по продвижению трехязычного образования»;

14. 31.10.2018 г. на базе нашего колледжа проведен областной семинар по теме «Развитие трехязычного обучения как фактор обновления содержания образования». Наши преподаватели и студенты провели открытые уроки, практику, открытые внеклассные мероприятия. За один день наши студенты 3-4 курсов под руководством педагогов и методистов организовали 10 мероприятий: 4 занятия в детском саду «Балакай» – студенты (методисты Сыйырбаева З.А, Аралбаева Б.Т, Нуркеева К.Д), 1 внекл. мероприятие в общеобразовательной школе №8 на тему «Балқаш рухани жаңғыруда» – методист Жахметова Б.К, 1 внекл. мероприятие в лицее № 2 им. Абая, тема «Абай – дана, Абай – дара, қазақта!» методист Калкенова Э.И. Открытые уроки были проведены преподавателями по химии Кайырбековой И.А, по биологии – Аделкановой С.А, по информатике – Сериковым М.К.

Хотелось бы обратить внимание на изменения в преподавательском составе.

Подготовки кадров и повышении квалификации

Преподавателями:

1. Разрабатываются учебно-методические пособия по интегрированному обучению – предмету (информатика, физика, химия, биология) и языку.

2. Разрабатываются учебно-методические комплексы по предметам «Профессиональный казахский язык», «Профессиональный русский язык», «Профессиональный английский язык».

3. Разрабатываются программы предметов вариативного компонента старших классов на английском языке

4. В апреле 2017 года приобретен учебно-программный комплекс с интерактивным оборудованием по предметам химия (кабинет № 407), по предмету физика (кабинет № 317), по предмету биология (кабинет 413), которые используются на уроках по внедрению трехязычного образования;

5. Преподаватели-предметники, участвующие

в проекте, в учебно-методических комплексах по предмету и дисциплинам вводят интерактивные методы и приемы по трехязычному образованию;

6. На методических днях предметно-цикловых комиссий «Дошкольное воспитание и обучение», «Начальное образование», по квалификации «Учитель иностранного языка в начальной школе» и «Учитель иностранного языка» проводятся открытые уроки и внеклассные мероприятия с использованием терминологических словарей по трехязычному образованию;

7. Предметно-цикловые комиссии «Дошкольное воспитание и обучение», «Начальное образование», по квалификации «Учитель иностранного языка в начальной школе» и «Учитель иностранного языка» на заседаниях ПЦК рассматривают вопросы трехязычного образования, разработанные терминологические словари, учебно-методические комплексы;

8. Проводится мониторинг потребности в педагогических кадрах для реализации трехязычного образования в колледже.

9. Разрабатывается план подготовки и повышения квалификации педагогических кадров для реализации трехязычного образования. Прохождение языковой стажировки преподавателей в рамках трехязычного образования. Прохождение курсов повышения квалификации преподавателями по реализации трехязычного образования. Получение по возможности второго высшего образования (английского языка) преподавателями, преподающими предметы биологии, физики, химии, информатики.

Составляется рефлексивный отчет по подготовке и повышению квалификации педагогических кадров для реализации трехязычного образования прошли:

- В 2016 году базовый 1 уровень (A1) прошли **14 преподавателей;**

- В 2017 году прошли базовый 2 уровень (A2) **20 преподавателей;** В 2017 году прошли средний уровень (B1) **12 преподавателей.**

- В 2018 году прошли курсы английского языка базовый 1, 2 уровень (A1, A2) – 25 преподавателей общеобразовательных и специальных дисциплин.

- В 2019 году прошли курсы английского языка средний уровень (B1) – **10 преподавателей**, базовый уровень (A1) **13 преподавателей** общеобразовательный и специальных дисциплин.

10. 29 мая 2019 года в гуманитарном колледже города Жезказган был проведен I-ый областной фестиваль педагогических идей «Современный учитель в условиях трехязычия: профессионализм и педагогическое творчество». В фестивале принимали участие представители УМЦ развития образования Карагандинской области и преподаватели коллед-

жей области. В рамках фестиваля были проведены мастер классы, самопрезентации и выставка материалов педагогического опыта. Наш колледж представил молодой, перспективный преподаватель Зекен Кайсар Канатұлы. Он продемонстрировал фрагмент урока английского языка на тему «Internet» студентам 2-ого курса Жезказганского гуманитарного колледжа. Результат его деятельности отмечен Дипломом и сертификатом участника фестиваля.

11. Преподаватели колледжа участвуют в научно-практических конференциях разного уровня с темами трехязычия и публикуют свои статьи в сборниках конференции;

12. Ежегодно проводятся декада мероприятий, посвященных Дню языков народа Казахстана, который включают в себя: олимпиады по русскому, казахскому и английскому языкам, конкурсы выразительного чтения, внеклассные мероприятия по языковым предметам, такие как «Абаевские чтения», «Живое слово», «Писатели, poets, акыны о главном» и т.д.

13. Также в рамках проведения триад по ПЦК и декады по самопознанию включают в себя мероприятия по трехязычию.

С момента начала дистанционного обучения преподавателями колледжа проект продолжал реализовываться:

- Подбирались, подыскивались наиболее подходящие как для преподавателя, так и для студентов информационные программы для создания видеороликов, в которых отражались межпредметные связи;


- Создание видео уроков, которые были размещены в комьюнити областного УМЦ и преподаватели были высоко оценены и награждены сертификатами и благодарственными письмами. (Мурзабекова С.С., Омарова С.Ж., Тлеубекова К.Ж. и т.д);

- Преподавателями Бондаренко Г.А., Халиллиной Б.Г., Ким О.А., Нуркеевой К.Д. проводились онлайн уроки через платформу Zoom факультатив «Лексико-грамматический практикум», входящего в реализацию программы трехязычия.

- Преподаватель информатики Ахметжанова Г.С. проводила онлайн уроки по технологии CLIL.

Но необходимо отметить, что работа не стоит на месте, не смотря на свое завершение, преподавателями и студентами работа в этом направлении продолжает вестись.

Не только поддерживается развитие педагогов, но и огромное внимание уделяется участию студентов в разнообразных мероприятиях, которые проводятся в рамках не только колледжа, но и городского уровня, областного и республиканского.



УЧЕБНО-ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ РАБОТА ГУМАНИТАРНОГО ОТДЕЛЕНИЯ

БУЙНЕНКО О.В.

Заместитель директора по учебно-производственной работе
КГКП «Балхашский гуманитарно-технический колледж имени А. Мусина».
Карагандинская область, г. Балхаш

Деятельность КГКП «Балхашского гуманитарно-технического колледжа имени А. Мусина» (далее – колледж) регламентируется: Законом Республики Казахстан «Об образовании», Государственной программой развития образования РК на 2011-2020 годы, Государственными общеобязательными стандартами образования РК, Стратегией «Казахстан – 2030», законом РК «О языках», Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», а также приказами, инструктивно-методическими письмами Министерства образования и науки РК, Управления образования Карагандинской области и внутренними локальными актами (Уставом колледжа, Правилами внутреннего (трудового) распорядка).

Подготовка специалистов гуманитарного направления в колледже ведется по 6 специальностям:

№ п/п	Шифр	Наименование специальностей
1	01140100	Педагогика и методика начального обучения
2	01140600	Педагогика и методика преподавания языка и литературы
3	01120100	Дошкольное воспитание и обучение
4	01140500	Физическая культура и спорт
5	0108000	Музыкальное образование
6	0111000	Основное среднее образование (учитель информатики)

Колледж имеет комплексный план, предназначенный для того, чтобы обеспечить осуществление миссии колледжа и достижение целей колледжа.

Стратегический план имеет в своей структуре программу развития колледжа, которая направляет деятельность сотрудников, привлекает новых абитуриентов и является основой реализации образовательных услуг потребителям.

Миссия: Создание современных условий для обучения, воспитания и развития обучающихся. Содействие модернизации системы профессионального

образования на основе трехязычного и модульного обучения; содействие инновационным процессам в учебно-воспитательном пространстве колледжа, стремление к лидерству в системе среднего профессионального образования Карагандинской области.

Главная цель программы развития колледжа: Разработка новой образовательной практики колледжа (содержание образования, методы обучения, формы организации образовательного процесса, компетентность педагогов; оценка образовательных результатов обучающихся и педагогов и др.) через внедрение трехязычного и модульного обучения в учебно-воспитательный процесс колледжа.

В 2016 году колледж вошел в экспериментальную площадку по внедрению инклюзивного образования. Приказ Управления образования Карагандинской области от 5 августа 2016 г. № 276.

В 2016 году колледж вошел в экспериментальную площадку по внедрению модульной программы, разработанный Всемирным Банком Проект «Модернизация технического и профессионального образования». Приказ Управления образования Карагандинской области от 31 августа 2016 г. № 300.

В 2017 году колледж вошел в экспериментальную площадку по внедрению модульной программы, разработанный «Холдинг «Кәсіпқор». Приказ Управления образования Карагандинской области от 31 августа 2017 г. № 346.

В 2017 году колледж вошел в экспериментальную площадку по внедрению дуального обучения: 0101000 – Дошкольное воспитание и обучение. Приказ Управления образования Карагандинской области от 31 августа 2017 г. № 327.

Информационное обеспечение учебно-производственного процесса осуществляется через проведение установочных и итоговых конференций, на которых особое внимание уделяется закону «О статусе Педагога» (№293-VI от 27.12.2019 г. с изменениями от 07.07.2020 г.) и правилам педагогической этики, что в целом повышает престиж учительской профессии; через освещение проведенных уроков на практике и мероприятий в рубриках на web-сайте колледжа. Сайт работает для информирования родителей, студентов и педагогов по различным направлениям для повышения информационной культуры, взаимо-

действия всех участников учебно-производственного процесса.

С целью развития сотрудничества в различных сферах науки и образования, равноправия и взаимной выгоды, изучения и повышения квалификации преподавателей и студентов, обмен публикациями и другими научными материалами в Международной программе «World Skills», целью которой является повышение статуса и стандартов профессиональной подготовки и квалификации по всему миру, популяризация рабочих профессий через проведение международных соревнований по всему миру между Челябинским педагогическим колледжем № 2 и КГКП «БГТК им. А. Мусина» был заключен договор о Сотрудничестве, сроком на 5 лет. Преподаватели и студенты КГКП «БГТК имени А. Мусина» участвуют в работе международного проекта «World Skills» по компетенциям «Дошкольное воспитание», «Начальное образование», «Основное среднее образование – Учитель информатики».

Дуальное обучение – эффективный путь повышения качества образования. Для студентов – это отличный шанс рано приобрести самостоятельность и безболезненно адаптироваться к взрослой жизни. Дуальная система обеспечивает плавное вхождение в трудовую деятельность, без неизбежного для других форм обучения стресса, вызванного недостатком информации и слабой практической подготовкой. Оно позволяет не только научиться выполнять конкретные трудовые обязанности, но и развивает умение работать в коллективе, формирует профессиональную компетентность и ответственность. Дуальная модель обучения предоставляет прекрасные возможности для управления собственной карьерой. В колледже по дуальной системе обучаются студенты специальности 0101000 – Дошкольное воспитание и обучение. Приказ № 327 Управления образования Карагандинской области от 31.08.2017 г.

Разработаны и утверждены положение и поэтапный план работы колледжа по дуальному обучению. Утвержден рабочий учебный план от 31.08.2017 г., согласованный с «УМЦ Карагандинской области» (Кожаметова Г.Ш.), палатой предпринимателей «Атамекен» Карагандинской области (Кульпеисов Е. Д.), городским отделом образования г. Балхаш (Агдарбекова Г. Ж.) и социальными партнерами – руководителями детских дошкольных учреждений по указанной специальности.

В текущем учебном году утвержден набор дуального обучения по специальностям «Педагогика и методика преподавания языка и литературы» с казахским и русским языком обучения и «Дошкольное воспитание и обучение» в количестве 83 человек.

Колледж ежегодно проводит творческие конкур-

сы, смотры, олимпиады, активно участвует во всех возможных мероприятиях, проводимых на республиканских, областных уровнях. Возросло количество участия обучающихся в профессиональных конкурсах, олимпиадах в рамках проектов и программ. Творческая активность, научно-исследовательский потенциал студентов неоднократно отмечались благодарностями и подтверждающими документами за призовые места.

Студенты принимают участие в конкурсах с целью повышения востребованности профессионального образования, ориентированного на реальные запросы работодателей. Кроме того, участие в таких соревнованиях дает возможность студентам оценить свой уровень подготовки и шансы на трудоустройство после завершения учебы.

Кадровый состав преподавателей-методистов гуманитарного отделения БГТК им.А.Мусина включает штатных педагогических работников и педагогов-совместителей. Деятельность педагогов колледжа в полной мере соответствует миссии, стратегической цели и задачам создания и функционирования организации среднего профессионального образования: создание современных условий для обучения, воспитания и развития студентов, содействие модернизации профессионального образования и инновационным процессам в учебно-воспитательном пространстве колледжа, стремление к лидерству в системе среднего профессионального образования Карагандинской области.

С целью раскрытия творческого потенциала студентов, формирования профессиональной компетентности будущего специалиста преподаватели систематически обеспечивают участие студентов в олимпиадах, конкурсах, спортивных соревнованиях областного, республиканского и международного уровней. Проводятся «дни открытой практики», взаимопосещений, что стимулирует стажёров на поиск и применение новых форм, приёмов в обучении.

Хочется отметить высокий профессионализм и грамотность методистов колледжа, которые передают знания не только обучающимся, но и молодым коллегам нашего коллектива. Это Жахметова Б.К., Сахарова А. П., Калкенова Э. И., Кисличенко Е. В., Озерова О.А., Ким О.А., Буйненко О.В., Мурзабекова С.С., Хасенова Ж.Ж., Сыйырбаева З.А., Аралбаева Б.Т., Желтоножский И.М.

Трудоустройство выпускников колледжа – один из самых важных показателей качества работы всего коллектива. Единый подход колледжа и социальных партнеров к обеспечению высокого уровня качества подготовки выпускников, их востребованность на рынке труда, позволяет сформировать конкурентоспособных специалистов. Основными критериями

оценки результатов совместных усилий с социальными партнерами является удовлетворенность наших партнеров – работодателей качеством подготовки студентов и трудоустройство выпускников.

Год выпуска	Бітіруші түлектердің саны / количество выпускников		Жұмысқа орналасқандары / трудоустроены		Жоғары оқу орнында оқитындар / обучаются в высших учебных заведениях		Техникалық және кәсіптік білім ұйымдарында оқитындар / обучаются в организациях технического и профессионального образования		Әскери қызмет ету қатарына шақырылғандар / призваны на военную службу		Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткендер / выбыли за пределы Республики Казахстан		Бала күтімі бойынша демалыс / декретный отпуск		Жұмысқа орналасуға қажеттілері / подлежат трудоустройству		трудоустройство
	Барлығы / всего	оның ішінде емлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде емлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде емлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде емлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	Барлығы / всего	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен / из них по госзаказу	
2018 г.	89	82	56	53	14	13	0	0	0	0	0	0	5	4	14	12	84%
2019 г.	108	86	88	70	9	9	0	0	0	0	1	1	1	1	9	5	92%
2020 г.	111	95	89	77	13	11	0	0	3	3	0	0	1	1	3	3	97%
2021 г.	79	77	40	39	17	16	0	0	7	7	1	1	3	3	10	10	87%

В целом, педагогический коллектив уделяет большое внимание вопросам учебно-производственного обучения, чему способствуют тесные рабочие отношения с социальными партнёрами. Все проводимые мероприятия направлены на реализацию поставленных задач учебно-производственного процесса.



ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

СЫЙЫРБАЕВА ЗЕЙНЕГУЛ АХМЕТБАЕВНА

«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Тәрбие – қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе және қоғамның дамып өркендеуінің басты шарты. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Себебі тәрбие қоғамдық және мемлекеттік өмірдің түрлі салаларында белсенді қызмет етуге қабілетті, сана-сезімді және білімді азаматтарды қалыптастыруды көздейді.

Тәрбие үрдісінің нәтижелілігі оның мақсаттары мен мазмұнының, бағыттары мен міндеттерінің дұрыс та нақты айқындалып қоғам талаптарымен үйлесімді әрі сай келуіне тікелей байланысты. Сондықтан студенттердің сапалы тәртібі мен байымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін

және сенімін тәрбиелеу оқытушының мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне негізделеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы туралы жарлығында білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбие, білім алу және жан-жақты даму, ана тілін, мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау, хабардар болу, денсаулықты нығайту құқықтарын іске асыру болып айқындалған.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуді мемлекеттік саясаттың іргелі негізін құрайтын қазіргі

қазақстандық қоғам дамуының негізгі стратегиялық және басым міндеттерінің бірі ретінде қарастырған жөн.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы тек аудиториядан тыс қызметпен шектелмеуі тиіс. Студенттерді қазіргі қоғамдағы өмірге дайындау, қазіргі заманғы қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан жағдайында болашақ мамандыққа бейімдеу, патриоттық қасиеттерді қалыптастыру – бұл оқу процесі шеңберінде шешілуі тиіс міндеттер.

Осы міндетті іске асыру үшін Балқаш қаласының Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжінде 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары әзірленді.

ТЖКББ ұйымдарында тәрбие процесін жетілдірудің негізі «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, ұстанымдары жұмысты жоспарлау болып табылады.

Колледж қызметіндегі тәрбие жұмысының мақсаты – тәрбиелеудің негізгі месседждері контекстінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын формалары мен әдістерінің тұтас жүйесін құру арқылы азаматтық-патриоттық ұстанымды, колледж студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін және адамгершілік тәрбиені қалыптастыру.

Тәрбие қызметінің жүйесі студенттердің кәсіби – жеке қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыруға, олардың дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына және өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасауға, болашақ кәсіби қызметіне бағдарлануға бағытталуы керек. Осыған орай, бәсекеге қабілетті студенттерді тәрбиелеп, білім сапасын арттыруда колледж ұжымы абыройлы еңбек етуде.

Колледжде барлық тәрбие жұмыстары келесі басым бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
7. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу шеңберінде колледждің іс-шара жоспары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі іс-шараларды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің

30 жылдығын мерекелеудің «Жасампаздыққа толы жылдар», «Созидание во имя людей» тұжырымдамасына сәйкес қамтитын болады.

Балқаш қаласының Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін мындаған студенттер бітіріп, үлкен өмірге жолдама алды. Түлектердің ойынша, колледжден алған білімдері кәсіби ортада өзін сенімді, білікті маман ретінде қалыптастырады және алдына қойған мақсатқа жетуге көмектеседі.

Студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға және жеке тұлғаны адамгершілік-рухани тұрғысынан дамыту, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында колледжде клубтар пен үйірмелер жұмыстары алға қойылған.

«Алтын сахна» әдеби драма үйірмесі мемлекеттік тілді насихаттап, әдебиетке баулу, адами құндылықтарға тәрбиелеуде көп жұмыс атқарады. Студенттердің өнерге деген құштарлығын оятып, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді, эстетикалық талғамын дамытып, отансүйгіштікке баулиды.

Рухани адамгершілік тәрбие бағытындағы «Инабат» клубы студенттерге салт-дәстүр, ана тілді дәріптеу, ата-бабалардан қалған дана сөздердің құдыреті, соны жастарға өнеге етіп тәрбиелеуді мақсат етеді. Бұл клубта студенттермен пікірталас, дөңгелек стол, сұхбат т.б. формалар қамтылған. Осы клубта өткен іс-шаралардың студенттердің танымдық, білімдік, шығармашылық қабілетін жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы маңызы өте зор болды.

«Балбұлақ» жас ақындар шығармашылық өнері баспа орталығы колледж студенттеріне жаңа білім, білік, дағдылардың қайнар көзіне жету, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете білуге мүмкіндік береді. Қыркүйек айында 1 курс студенттерінің бейімделуін тездету үшін, талантты жастарды анықтау үшін «Жаңа келген жас өркен», «Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» тақырыбында дөңгелек стол өткізілді.

Риясыз жақсылық жасау – биік адамгершіліктің белгісі деп «Ізгілік» психологиялық клубы әрбір адамға психологиялық кеңес бере отырып, адам бойынан адамгершілік, рухани құндылықтарды дамыта отырып, студенттерді ізгілікті іс жасауға тәрбиелейді. Бұл клубта студенттермен «Мейірімділік», «Қайырымдылық» тақырыбында танымдық-тағылымдық тәрбие сағаттары, «Мен әлемге не айтқым келеді» тақырыптарында шығармалар сайысы өткізілді.

«Қызғалдақ» би үйірмесіне студенттер қызыға қатысады. Бұл үйірменің тәрбиелік маңызы өте зор. Студенттердің салауатты өмір салтын

қалыптастыруға, дене сұлулығын арттырып, ынтасын күшейтуге мүмкіндік береді. Үйірме жұмысының жоспарына сай хореографиялық қойылымдар жасалды. Бұл қойылымдар қалалық іс-шараларда жүлделі орындарға ие болды.

Қазіргі кездегі шешендік өнердің жалғасы болып жүрген – пікірсайыс (дебат) ойындары. Осы негізде колледжде «Отан болашағы» дебят клубы жұмыс жасайды. Клубтың негізгі мақсаты: студенттерді сөз өнеріне баулу; тіл мәдениетін меңгерту, шаршы топ алдында сөз сөйлеу қағидаларын үйрету болып табылады.

Колледжіміз құрылғаннан бері «Филармония» фольклорлық саздық кешені жұмыс жасайды.

Бұл үйірменің жеткен жетістіктері облысымызға, қаламызға танымал.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтарға білім беру барысында тек сабақпен ғана шектелмей, өз кезегінде тәрбиелік жұмыстарды да қоса алып жүру әр бір оқытушы үшін өзінің жоғары білікті маман екенін дәлелдейтін жақсы қасиеттердің бірі екенін ұмытпағамыз жөн.

Сонымен, жүйелі, мазмұнды жүргізілген тәрбие – студенттердің бойына өмірдің мәнін, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарындарының ашыла түсуіне, ақыл-парасатының дамуына әсерін тигізеді.

СТУДЕНТТІК ЖАСТАР ҰЙЫМЫ «ЖІГЕР» – КЕЗ-КЕЛГЕН БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРУҒА ДЕГЕН ТАЛПЫНЫС ОТТАРЫ БАР ЖАСТАР!

КАДЕНОВА АНАР МУКЫМОВНА

**«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК
техникалық бөлім меңгерушісі.**

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Қазақстандық қоғамның қазіргі кезеңдегі дамуында саяси мәдениетті тұлға тәрбиелеу мәселесінде – жеке тұлғаның дамуына барлық тәрбие бағытының рөлі ерекше. Кәсіптік білім ала отырып, болашақ маман ретінде қазіргі жастардың саяси дамуына рухани-адамгершілік құндылықта өте қажет деп ойлаймын. Саяси мәдениетті тұлға – отбасынан нәр ала отырып, жалпы қоғамда өзінің тәрбиелілігін ары қарай дамыта түседі. Бұған көптен-көп әсер ететін фактор – орта. Ақпарат құралдарының, озық ойлы зиялы қауымның күш-жігері, тәрбиенің бағыттылығы қоғамда отансүйгіштік, іскерлік, үлкенді сыйлау, өзін қастерлей білу, жеке басы мен жақындары үшін жауапкершілікті сезіну сияқты қасиеттерді жоғары қоятын оңтайлы орта қалыптастыруға септігін тигізу қажет.

Бүгінгі қоғамдық өзгерістердің күрделілігі жастардың әлеуметтік жағынан жан-жақты қалыптасуына, жас қауымның тыныс-тіршілігінің барлық қалтарысына әсерін тигізді.

Осыған орай, Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжінде жастар саясатын қалыптастыруда өзін-өзі басқару жұмысы белгілі бір жолға қойылған.

Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жастар саясатының мына бағыттарына басылымдық беруді көздейді:

1. Жастар бойынша патриотизмді қалыптастыру, жастардың ізгілікті әрі рухани дамуы.

2. Еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.

3. Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруына жағдай жасау.

4. Жастардың денесін шынықтырып, интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.

5. Жастардың қоғамдық игі бастамаларын қолдау мен ынталандыру.

6. Қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үрдістеріне тарту.

Жастар саясатын қалыптастырудағы осы басты қағидалар заңнамалық және атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдары тарапынан ескеріліп, олардың қызметтерін бағалаудың бір өлшеміне айналуы тиіс.

Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжінде жас таланттарды қолдау мен шыңдау, олардың даму мүмкіндіктері мен ашылуына негүрлым кеңінен жағдай жасау үшін «Жігер» студенттер парламенті құрылып бүгінгі күні қызмет жасауда.

«Қазақстан болашағы – жастардың қолында» – деп, елбасымыз сенім артатын жастарымыз рухты, дені сау, мәдениетті болып дамуына келешекте біздің Студенттік парламенттің мүшелері өз үлестерін қосады деп ойлаймын.

«Жігер» студенттік жастар ұйымы – студенттердің колледжге деген көздерінде күш-

тарлықтары жалындаған жастар ғана емес, жекелеген әлемде кез-келген биіктерді бағындыруға деген талпыныс оттары бар жастар!

Студенттік парламенттің мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олар бір ережеге бағынады: студенттік өмір бай және жарқын болуы керек!

Студенттік парламенттің негізгі міндеті мен басты ұраны: *«Біз бәріміз бірге жасай аламыз»*. Парламент мүшелері әр түрлі шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын, белсенді студенттер. Олар Парламент мүшесі бола тұра өздерінің барлық табиғи бейімділіктерінің көріністерін ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық қасиеттерді, коммуникативті дағдыларды және қарым-қатынасты үйренеді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады. Студенттік өмір жарқын естеліктермен, қызықты сәттермен есте қалуы керек. Тек студенттік шақта ғана осы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға арналған кеңістіктері, жас мамандардың үзілмес желісі. Жақсы достардың ортасы, ұмытылмас ашылулар, ғажайып сәттер. Бұл жастар үшін жасалған үлкен жағдай.

Студенттік өзін-өзі басқару органы – студенттік парламент білім алушылардың мүдделерін, тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші өкілеттілік ретінде білім беру ұйымдары студенттерінің бастамасы бойынша құрылады және Қарағанды облысының ТЖКББ ұйымының «Жігер» жастар қозғалысының аясындағы Студенттік парламент ережесінің негізінде әрекет етеді.

Парламенттің мақсаты жастардың табысты әлеуметтенуі мен өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, білім алушылардың туындайтын мәселелерді өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ колледж жастарының жан-жақты дамуына, оның рухани, мәдени, білім беру және кәсіби тәрбиесін қалыптастыруға, студенттік бастамаларды қолдауға жәрдемдесу болып табылады.

«Жігер» студенттік парламентті президент басқарады. Әр оқу жылдың соңында есеп беріліп, келесі оқу жылына президентке үміткерлер тандалып, сайлау өткізіледі. Сайлау дауыс беру арқылы жүргізіледі, ең жоғарғы дауыс жинаған үміткер президенттікке тағайындалады. Қалған үміткерлер фракцияларды басқарады.

Парламенттің құрылымы 8 фракциядан құрылған:

- құқық және тәртіп фракциясы
- ақпарат фракциясы (баспасөз қызметі).

– спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
– өзін-өзі тану және қуаныш (психология) фракциясы.

– камқорлық фракциясы (еріктілер).
– мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

– пікірсайыс қозғалысының фракциясы

– экология және еңбек фракциясы.

Білім беру ұйымының әрбір тобынан барлық 8 фракцияның депутаттары сайланады.

Әр фракцияның жылдық жоспары құрылып, отырыста бекітіледі.

«Жігер» студенттік жастар ұйымының бастамасымен келесі іс-шаралар өткізілді:

1. КИП-20-9 және ОП-20-9 топтарының еріктілері «Ағаш өсіру» қалалық акция.

2. Қалалық ЖИТС орталығының, наркодиспансердің және СӨС дәрігерімен кездесу.

3. «Саналы ұрпақ» клубының еріктілері мен жетекшісі А. Т. Жұмаділова

– «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және мінез-құлықты қалыптастыру» тақырыбына дөңгелек үстел, – «Шәкәрім өсиеті – адалдық айнасы» тақырыбына парасаттылық сағаты.

4. ОП-20-9 тобының еріктілері «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» акциясы.

5. Э-20-9, Кип-20-9, Мет-20-9 топтарының еріктілері «Туған елге мың алғыс» акциясы.

6. «Жігер» алқалы Жастар кеңесінің мүшелері Қайырымдылық күніне орай «Қайырымды іс марафондары» жалпыұлттық жобасын іске асыру аясында «Қайырымды ұрпақ» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. «Жігер» ЖАК мүшелері колледж студенттерін әлеуметтік қорғау Кеңесінің төрағасына осы акцияға қатысу туралы өтініш жазды. Кеңес мүшелерімен қолдау хат қабылданып, 30 студентке әлеуметтік көмек көрсетілді.

7. Қайырымды істер марофоны – «Құс ұясын орналастыру» акциясы.

8. Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне арналған бейнероликтер акциясы.

9. Таза табиғат «акциясы»

10. «Қайырымды істер» еріктілер акциясы колледж студенттеріне Рахимбаев Алмас және Маратқызы Айсұлу әлеуметтік көмек көрсетті.

Жалпы колледждің студенттік ұжымы жұмысқа қабілетті, студенттердің танымдық белсенділік деңгейі жоғары, жастар қоғамдық істерге қызығушылық танытады және қоғамдық тапсырмаларды белсенді орындайды.



ВЫСТАВОЧНЫЙ ЗАЛ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД/ТЕХНОЛОГИЯ»

ХАСЕНОВА ЖАНАР ЖАЛГАСБАЕВНА

Преподаватель специальных дисциплин

КГКП «Балхашский гуманитарно-технический колледж им. А.Мусина».

Карагандинская область, г. Балхаш

Колледждің «Көркем еңбек/Технология» мамандығы бөлімінде шәкірт тәрбиелеу мен қатар облыстық, қалалық іс-шараларға белсенді қатысып, көрмелер ұйымдастырып, Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» мерекесіне арнап киіз үй тігіп, жаңартып, безендіре отыру арқылы колледж жүлделі орындарға ие болып отыр. Жылдан жылға студенттер мен оқытушылардың жұмысы жан-жақтылығымен, шебер орындалуымен ерекшеленеді. Әсіресе ұлттық киім дайындау барысында өз білімдерін этнопедагогикамен ұштастырып, заман талабына сай сән үлгілерін дайындап, халық дәстүрінің құндылықтарын іздеп, кәсіби шеберліктерін арттырып, бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлауда.

Сонымен қатар әр түрлі материалдармен жұмыс технологиясы, қол өнер бұйымдарын дайындау, қалдық материалдардан зергерлік бұйымдар жасау мақсатында барлық әдіс-тәсілдерді сауатты қолдану арқылы, студенттерді жаңа істер жасауға қанаттандырады.

Өнер студиясының жұмыстарын бір жүйеге келтіріп жинақтау және ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында колледжде 2003 жылдан бастап көрме залы жұмыс жасап келеді.

Көрме залын жыл сайын кәсіптік пән оқытушыларының нұсқауымен студенттер өз шығармашылықтарымен толықтырып отырады. Бұл көрме залының жан жақты дамыған, өзіндік ой пікірі қалыптасқан, терең ойлайтын, ойын жүзеге асыра алатын, ұлттық құндылықтарымызды сыйлайтын кәсіби мамандар даярлаудағы маңызы өте зор және жыл сайын жаңадан толыққан студенттер қатарына үлгі өнеге боларлықтай тәрбие беріп келеді.

Предметно-цикловая комиссия «Художественный труд/Технология», работая над проблемой «Развитие творческих способностей у студентов, с целью повышения качества подготовки будущего специалиста», раскрывает творческие способности каждого студента, учит различным методам, формам и приемам проведения не только уроков, но и внеклассной работы, которая формирует культуру общения, развивает потребность в возникновении чувства прекрасного, способности к художественному мышлению, способствует развитию творческой фантазии и принятию ими нестандартных решений.

Всеми этому способствует организованная на

базе творческой студии «Өнер» специальности, которая работает в трех направлениях:

- декоративно-прикладное искусство;
- национальная одежда;
- изобразительное искусство.

Творческие работы студентов, созданные в этой студии, ежегодно пополняли выставочный зал колледжа, который был открыт в 2002 году. У истоков ее создания стояла Адильбекова Айгуль Беркеновна, преподаватель изобразительного искусства. Под её руководством воплощались в жизнь самые смелые решения и яркие идеи. Многие экспонаты, представленные в этом зале, не раз выставлялись на областных и городских выставках, а национальные предметы убранства юрты не раз получали высшую оценку на празднике «Наурыз» и приносили колледжу призовые места.

Большой вклад в создание, оформление и пополнение выставочного зала внесли преподаватели специальных дисциплин Князева Зинаида Константиновна, Игембекова Раиса Елубаевна, Жумагельдинова Надежда Алексеевна, Хасенова Жанар Жалгасбаевна, Тлеубек Канат Карибекович, Толеген Перизат Каиржановна, Аупешова Айгерим Курмашовна. Во многом благодаря им и сегодняшним продолжателям начатого дела – преподавателям специальности «Художественный труд/Технология» Хасеновой Ж.Ж. и Толеген П.К., выставочный зал остается быть реалистичным и презентабельным, современным и актуальным. Потому как, основная экспозиция выставочного зала посвящена традиционной культуре казахского народа. Представленные экспонаты дают полную информацию о быте и убранстве юрты. Центральную часть зала занимает купол – шанырақ, несущий определенную смысловую нагрузку. Шанырақ – круговое навершие является символом нашего суверенного государства. Кереге – раздвижная решетчатая основа, состоящая из отдельных секций – это основа нашей истории. Уыки – купольные жерди, символизируют молодое поколение, устремленное ввысь. Ведь именно молодым принадлежит будущее нашей страны.

Девиз выставочного зала «Умельца творения – его жизни продолжение» подтверждает роль преподавателей в подготовке сознательных, высокообразованных, квалифицированных специалистов.



ЖАҢАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ — КӘСІБИ МӘТІНДЕРДІ ТИІМДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

ОМАРОВА САРХИТКУЛ ЖУМАШЕВНА

«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы.
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Соңғы кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны түсінікті. Мақсатымыз оның бәрін тізбектеу емес, әлі де алдымызда тұрған өзекті мәселелер айналасында сөз қозғау. Білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа тастап, алға жылжып келеді. Қай заманда, қандай реформа болсын білім саласында басты тұлға — мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда, мұғалімнің ең қасиетті міндеті — рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз — оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізу керек», — деп баса да, нақты айтып кетті. Сондықтан біздің мемлекеттік тіліміз — қазақ тілін әр салада жан-жақты дамыту біздің яғни тіл мамандарының туған халқының алдындағы үлкен міндеті, борышы деп санаймын.

Менің айтайын деп отырған өзекті мәселем де жаһандану дәуіріндегі кәсіби мәтіндерді тиімді оқыту жолдары. Олай дейтін себебім: кәсіби мәтіндер оқушылардың мамандық тілін меңгертуге, ерекше қызмет атқарады. Сабақ барысында кәсіби мәтінмен жұмыс істеу студенттердің кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, тілге деген қызығушылығының артуына, кәсіби лексиканы меңгеруіне игі әсерін тигізеді. Сонымен қатар студенттер — мамандығы туралы білімін жетілдіреді, өзінің келешекте атқаратын жұмысы туралы пайдалы, қажетті ақпараттар алады, кәсібіне сай сабақта алған білімдерін болашақта қызметінде пайдалану мүмкіндігі туады. Жұмыс барысында өздерінің таңдаған мамандықтарына қатысты мәтіндерді жақсы қабылдайды және олармен қызыға жұмыс істейді.

Енді кәсіби мәтінді қайдан аламыз, қалай дайындаймыз? Осы сұраққа жауап берейін. Әрине, арнайы пәндердің оқытушыларымен, студенттермен бірлесе отырып дайындаймыз. Студенттер өздерінің

оқып жүрген арнайы (спец. предмет) пәндерінің дәрістерін сұрыптап алады. Одан мәтін дайындаймыз, қазақшаға аударамыз, қазақ тіліне байланысты жаттығу жұмыстарын жазамыз.

Сөзімнің дәлелі ретінде, металлург мамандығына дайындаған оқу құралымен таныстырайын.

Мыс өндірісі жайлы жалпы мағлұмат

1-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Мыс өнеркәсібі Қазақстан Республикасындағы түсті металлургияның көшбасшы саласының бірі. Мыс никельмен, қорғасынмен, цинкпен және қалайымен бірге ауыр түсті металлургияның тобын құрайды.

Д.И. Менделеевтың периодтық жүйесінде мыс 1-топтың, 4-ші периодында орналасқан. Оның реттік нөмері 29.1 топтың элементі болғандықтан, мыс 1 валентті. Бұл қасиетімен ол кен минералдарында, штейндарда, қож және пирометаллургияның басқа жағдайларында үлкен көлемде берілген. Ол төзімді 2 валенттілікті, өнімде және технологиялық процесстерде көрсетеді. Мыс жұмсақ, тұтқыр, соққыға төзімді қызыл түсті металл. Ол жұқа қабатқа және ұзын сымға оңай созыла алады. Электр өткізгіштігі бойынша мыс күмістен кейінгі орында. Химиялық байланыста мыс белсенді металл емес, бірақ кейбір жағдайларда ол тікелей қышқылмен, күкіртпен, галогенмен және басқа да элементтермен қосыла алады. Қысым қатарында мыстың электр өрістігі сутекке қарағанда оң. Сондықтан мыс қышқылды, тұзды, күкіртті ерітінділерде тотықтырғыштарсыз ерімейді.

Мыстың басты қайнар көзі кендер, өнімдер мен концентраттар, қайталмалы шикізаттар. Мыс өнеркәсібінде кендердің барлық түрі қолданылады олар: сульфидті, тотықтырғыш, аралас және жеке туылған. Бірақ басты мыс шикізаты сульфидті және олардың қоры тереңдікте көп емес. Мыс қосындысы бар шикізатты қайта өңдеу пиро және гидрометаллургия процесі арқылы, металдық мыс алу үшін қолданылады.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесінде мыстың тобы, периоды, реттік нөмері және валенттігі қанша?

2. Химиялық байланыста мыс қандай элементтермен қосыла алады?

3. Мыс қосындысы бар шикізаттар қандай зат алу үшін қолданылады?

4. Мыстың Қазақстан Республикасында өнеркәсібіндегі орны қандай?

3-тапсырма. Мына сөздерді қолданып, сөйлем құрастырып жазыңыз:

Қышқыл, өнеркәсіп, жүйе, шикізат, қосынды, өндеу.

4-тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз

Мыс өнеркәсібі Қазақстан Республикасындағы түсті металлургияның көшбасшы саласының бірі. Электр өткізгіштігі бойынша мыс күмістен кейінгі орында. Мыстың басты қайнар көзі кендер, өнімдер мен концентраттар, қайталмалы шикізаттар.

5-тапсырма. “Мыстың өнеркәсіптегі маңызы” жайлы эссе жазыңыз

6-тапсырма. Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз

Өндеу	Соединение	Connections
Пайдалы қазбалар	Переработка	Minerals
Химиялық қосындылар	Металлургия	Branches
Отқа төзімді	Руда	Chemical analysis
Өнімдер	Химический анализ	Ore
Мыс	Медь	Refractory
Металлургия	Полезные ископаемые	Cuprum
Түрлері	Виды	Product
Кен	Огнеопасно	Metallurgical engineering
Қосынды	Продукция	Processing

Бірлестік ұжымының тынысы

ҚАЛКЕНОВА ЭЛЬМИРА ИБРАГИМҚЫЗЫ
«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы.
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Қаламыздағы кәсіби білімінің қара шаңырағы академик Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжінің гуманитарлық бөліміндегі «*Бастауыш білім беру*» мамандығының ашылғанына 40 жылға аяқ басыпты. Осы жылдар ішінде «*Бастауыш білім беру*» мамандығы бойынша құрылған педагогика, психология және жеке пәндер әдістемелік бірлестік ұжымы білім сапасын арттыру арқылы студенттердің шығармашылығына жол ашу, рухани зерделік жағынан дамыту, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру мақсатында жұмыс жасап келеді.

Пән әдістемелік бірлестігінің дамуына, оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда үлестерін қосқан білім майталмандары Н.Ғ.Әбішева, Р.Б.Бижанова, Б.Қ.Мейманқожа, А.Х.Хасанова, Е.М.Смағұловтың есімдерін зор мақтанышпен атау орынды. Олардың бәрі де білімді, білікті маман даярлау ісін басты мақсат ете отырып, сол жолда қажымай, талмай еңбек етті. Соның нәтижесінде біздің бірлестікте мықты кадр тәрбиелеуге деген бірегей дәстүр қалыптасты.

Қазіргі таңда аға буынның еңбек үрдісін жалғастырумен бірге оны байытып, заман тала-

бына сай сапалық деңгейге көтеруге күш салып жүрген Балжан Көшкінбайқызы Жахметова, Сәния Ырзықбекқызы Сүлейменова, Динара Шаймұратқызы Битанова, Тоғжан Мейрханқызы Ғазиз сияқты әріптестеріммен мақтана аламын.

Мемлекетіміз өркениетті елдердің қатарында көркеюі үшін ертеңгі ел болашағы, болашағымыздың алтын тірегі жастарды тәрбиелеу – ұстаздар қауымының парасатты жауапкершілікті парызы. Осы ауыр міндетті атқарып жүрген бірлестік ұжымы білім алушылардың кәсіптік білімі мен дағдысын ұштауға, шығармашылық қабілетін дамытуға, олардың бойында адами құндылықтарды қалыптастыруға, отаншылдыққа, тілімізді, ділімізді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында үлкен күш жұмсауда. Осы мақсатта пән әдістемелік бірлестігі ұжымы үлкен жетістіктерге жетіп жүр.

Оқу үлгерімі, білім сапасы, әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар мониторингі бойынша бірлестік ұжымы үнемі алдыңғы қатардан көрінеді. Жыл сайын өткізетін педагогикалық үшкүндік, әдістемелік күндеріміз жоғары деңгейде өтуде.

Жаңа заманда жаңа технологиялар өмірге келіп, ғылым қарыштап дамыған кезде – оқу жүйесі жаңа ізденістермен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді. Осы талапқа сай бірлестік оқытушылары жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерін, оларды қолдану мүмкіндіктерін көрсететін ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар өткізеді. Сонымен бірге, оқытушылар

колледждің әдістемелік жұмыстарына үлес қосып, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, семинар, конференцияларға үнемі қатысып, оқу-тәрбие үрдісіндегі көкейкесті мәселелер бойынша пікірлерін білдіріп отырады.

Заманауи қоғамда болашақ мамандардың зердесіне тәрбие нәрін дарытуда, рухани әлемін кеңейтуге бағытталған, тәрбиелік мәні жоғары тағылымды іс-шаралар өткізіп жүрген «Алтын сахна» әдеби-драма үйірме клубы, «Балбұлақ» пресс-орталығы, «Отан болашағы», «Жас биолог» клубтары – біздің бірлестікте.

Әр оқу жылында оқытушылардың білім сапасын көтеру, студенттердің зерделі ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әрі олардың өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік кешендері, өнімдері, электронды оқулықтары әдістемелік отырыстарда қорғалып, жоғары бағалануда.

Бірлестік оқытушылары тәжірибелі әдіскер ретінде болашақ мамандарды кәсіби дайындауда педагогикалық тәжірибе барысында ашық сабақтар, тәрбие сағаттарын ұйымдастырып, тәлімгерлерге әдістемелік нұсқаулар береді, мұғалімдік мамандыққа деген құрмет сезімдерін қалыптастырады. Білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру мақсатын көздейтін жаңа заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын меңгертуге бағытталған тренингтер, коучингтер өткізіп, практика базасымен тығыз байланыс жүргізіп, болашақ мамандарға бағыт-бағдар береді.

Қорыта айтқанда, бірлестік ұжымының жас ұрпаққа саналы білім беріп, тәрбиелеуде ерінбей еңбек етіп, шығармашылықпен жұмыс жасап, ел игілігі, мемлекет мүддесі тұрғысында еңбек етер жастарды тәрбиелеу жолындағы игілікті істері, алар асулары алда.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МАМЫРБАЕВА ШОЛПАН СЕРІКЖАНОВНА
«Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК

арнайы пәндерінің оқытушысы.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық формацияның өзгеруі жағдайында мемлекеттік меншіктің монополиясынан, басшылықтың командалық-әкімшілік жүйесінен нарықтық экономикалық жүйеге өтуі, сәйкесінше кәсіптік бағдарлаудың нысандары мен әдістерінің түбегейлі өзгеруіне әкелді.

После революции 1917 года люди хотели в именах своих детей отразить эпоху, поэтому в 20-х и 30-х годах появилось много новых имен. Ким (сокращение: Коммунистический Интернационал Молодежи), Октябрина (7 октября), Владлен (Владимир Ленин). Но не все имена были удачными. Многие не выдержали испытания временем. Самые редкие и неблагозвучные: Лагшмивар (Лагерь Шмидта в Арктике), Цас (Центральный аптечный склад), Персострат (Первый советский стратостат), Даздраперма (Да, здравствует Первое Мая), Электрик.

1 ведущий: Но были и такие имена.

Древние русские имена. Часто они служили характеристикой людей. Имя давалось человеку как примета, по которой его можно было выделить среди родственников. Часто, когда в семье рождался первый ребенок, ему давали имя Перва, второй был Вторак, третий – Третьяк.

Имя могло даваться по внешнему виду человека: Черныш, Чернавка – по цвету волос, Мал – за малый рост.

Имя могло отражать черту характера или поведения (Добр, Храбр, Смеяна, Умник), время рождения в году (Зим, Вешняк, Мороз), профессию (Шуба, Ложка, Пушка).


Давались имена, связанные с животным и растительным миром: Волк, Кот, Трава.

Известный советский археолог Арциковский В.А. сообщил, что в древнем Новгороде жила семья волховских рыбаков. Отец носил фамилию Линев (от рыбы линь). У Линева было 4 сына. Он оказался человеком не без юмора и назвал всех сыновей “по-рыбьи”: Сом Линева, Ерш Линева, Окунь Линева и Судак Линева.

Преподаватель: Дорогие наши студенты.

Каким бы именем Вас не называли – носите его с гордостью.

Помните в нем душа нашего народа, частичка вашей семьи и надежда на Ваше светлое будущее.





ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ПЕДАГОГОВ

ШОРИНА БОТАГОЗ ЖАКСАЛЫКОВНА

Педагог-психолог

КГКП «Балхашский гуманитарно-технический колледж им. А. Мусина».

Карагандинская область, г. Балхаш

Надо знать секрет жизни: «Лечите душу ощущениями, а ощущения пусть врачует душа».

Б. Пруст

В условиях эпидемиологической ситуации жить и работать всем приходится по-новому. Каждый из нас вынужден приспосабливаться и находить возможности поддерживать привычный ритм жизни. И, в первую очередь перестраиваться пришлось всей системе образования.

Педагоги оказались в новой социальной ситуации, которая поможет развить профессиональные компетенции и приобрести новые навыки работы в дистанционном формате.

Время предъявляет повышенные требования не только к личностным качествам педагогов, но и к уровню физического и психического здоровья. Здоровый и духовно развитый педагог получает удовлетворение от своей работы, обладает высоким уровнем работоспособности, активности, творчества, стремится к совершенствованию.

Профессия педагога относится к духовно опасным. Право оценивать другого эмоционально незрелому человеку даёт ощущение власти и непогрешимости, которое действует как наркотик. Взгляд на педагога как на человека, не имеющего права на ошибку, затрудняет профессиональный и личностный рост, ведёт педагога к эмоциональному сгоранию. Противопоставить этому можно только осознание несовершенства и готовность к изменениям. Приоритетным направлением в решении этой задачи должна стать актуализация восприятия педагогами своего профессионального здоровья как важнейшей личностной ценности. Другим важным направлением должно стать изменение отношения к проблеме и активная позиция в отношении здоровья у каждого педагога.

Педагоги находятся на первом месте по нервно-психическим расстройствам. Здоровье педагога — эффективность его профессиональной деятельности — психическое здоровье воспитанников. Таким образом, задача сохранения и укрепления профессионального здоровья педагогов является одной из первоочередных.

Отсутствие правильного режима дня. Отсутствие достаточной физической активности. Перегрузки речевого аппарата. Психоземotionalные перегрузки. Нагрузка на одни и те же центры коры головного мозга, с возникновением застойных очагов возбуждения и неравномерностью кровоснабжения мозга. Отсутствие контролирующей здоровье учителей службы. Разрушающее здоровье, отсутствие времени на осмысление диалога, только что состоявшегося с учеником.

Педагог находится под гнетом двойного стресса — социального и профессионального.

Какие действия и ситуации приводят к нервно-эмоциональному напряжению и стрессу?

- все виды конфликтных ситуаций
- обвинения, особенно несправедливые, высказанные в оскорбительной, грубой форме
- неожиданные, психологически неприемлемые приказы, распоряжения
- нагромождение всевозможных дел и дефицит времени на их выполнение
- разочарование в людях, в работе, в ранее принятой позиции, в ранее отстаиваемых подходах и установках
- длительное ожидание чего-либо, в связи с этим перевозбуждение

В целях направленной профилактики «психологического выгорания» следует

- стараться рассчитывать и обдуманно распределять свои нагрузки;
- учиться переключаться с одного вида деятельности на другой;
- проще относиться к конфликтам на работе;
- не пытаться быть лучшим всегда и во всем.

Справляемся со стрессом.

- Комплексный подход, смена обстановки и вида деятельности.
- Активный отдых.
- Увеличение разнообразных физических нагрузок.
- Нормализация сна.
- Психотерапия, направленная на коррекцию по-

ведения, построения психологической защиты и снижения агрессии.

- Натуральные седативные фитопрепараты и ароматерапия, снимающие тревогу и восстанавливающие нервную систему.

- Освоение методик по релаксации Цигун, ушу, йога и кинезиологические упражнения.

- Самомассаж:

- Музыкотерапия, цветотерапия, литотерапия.

Ароматерапия

Успокаивает нервную систему – герань, жасмин, мелиса, кипарис, апельсин горький, пихта.

Расслабление – роза, лаванда, сосна, апельсин сладкий, мандарин.

Устраняет невроты, страхи – петитгрейн, розмарин, роза, сандал.

Семейные масла для радости – роза, лимон, грейпфрут, апельсин, мандарин, апельсин горький, сандал, кипарис.

Ароматерапию применяют в сочетании с музыкотерапией.

Кинезиология – лечение движением.

Комплекс кинезиологических упражнений для активации гормональной системы, снятия утомления и питания головного мозга

- Упражнение №1. «Горячие ладошки»

- Растереть ладони до горячего состояния. Энергично промассировать каждый палец руки (на ладонях заложены все акупунктурные точки, соответствующие внутренним органам).

- Упражнение №2. «Поцеловать облачко»

- Руки взять в замок за спиной. Сделать вдох, потянуться руками назад – вверх. Подбородок поднять вверх, вытянуть губы трубочкой, раскрыть грудной отдел и область солнечного сплетения, прогнуться. Выполнить пружинящие движения руками 6-8 раз. Отпустить руки вниз, сделать выдох (повторить 3 раза). Активизируется вся гормональная система.

- Упражнение №3. «Журавль, пьющий воду»

- Выполнять волнообразные движения шеей и верхней частью туловища, имитируя журавля, пьющего воду.

- Упражнение №4. «Птичка чистит перышки»

- Вытянуть шею вверх, потянуться к правому плечу и подбородком выполнять круговые движения назад над плечом. (то же влево).

Музыкотерапия

Музыкотерапия – это лекарство, которое слушают. О том, что музыка способна изменить душевное и физическое состояние человека, знали еще в Древне Греции и в других странах. Самый большой эффект от музыки – это профилактика и лечение нервно-пси-

хических заболеваний. Она снимает меланхолию, а если верить библейской легенде, то царя Саула уберегли от приступов безумия игрой на арфе.

Литотерапия

Литотерапия – это лечение минералами. Минералы необычной формы и цвета, поражающие своей красотой, представлялись нашим предкам носителями сил высшего порядка. Поэтому и складывались веками удивительные предания легенды, суеверия, связанные с драгоценными камнями. Существовала целая наука о правилах лечения драгоценными камнями – гемматерапия (от латинского слова «гемма» – драгоценный камень). История знает немало примеров, когда народ обращался к забытым методам, казавшимся почти нелепыми, наивными, и... убеждался в том, что они эффективны.

Рубин – врачует сердце, мозг, силу и память человека. По типу светового излучения рубин положительно влияет на работу мозга и сердца, укрепляет иммунитет. Он благоприятно действует на характер людей слабовольных, способствуя проявлению чувства храбрости, ответственности, стремления к лидерству.

Сапфир – оказывает положительное действие при лечении почек, диабета; делает более эффективной терапию при поражениях костной системы, параличах и парезах в результате инсультов, заболеваниях нервной системы, особенно неврозах, помогает избавиться от бессонницы.

Сердолик – при ношении на теле укрепляет зубы, благотворно влияет на нервную систему, снижая повышенную раздражительность, утомляемость, угнетение. Он дарит ораторскую силу, процветание.

Топаз голубой – положительно влияет на щитовидную железу, обеспечивает эмоциональное равновесие.

Шунгит – «камень здоровья», редкий минерал. Снимает боль, спазмы, структурирует воду, оберегает от отрицательного энергетического воздействия.

Хрусталь – улучшает свойства крови, благотворно влияет на работу мозга (гипофиз, эпифиз), способствует эмоциональному равновесию, снимает негативность окружающей среды по отношению к носящему человеку, воспроизводит, активизирует, сохраняет энергию.

Янтарь – успокаивает нервную систему, улучшает настроение, уравнивает эмоциональное состояние, успокаивает сердце, оберегает от «дьявольского глаза». Янтарная кислота является прекрасным стимулятором нервной системы, укрепляет мышцу сердца, улучшает работу органов дыхания, почек, кишечника, способствует увеличению гемоглобина в крови при анемии.

Список используемой литературы:

1. <https://infourok.ru/psihologicheskaya-pomosh-pedagogam-v-usloviyah-distantsionnogo-obucheniya-4255651.html>
2. Теоретическое сообщение с элементами тренинга-<https://infourok.ru/doklad-po-teme-primenenie-elementov-treninga-kak-interaktivnaya-forma-provedeniya-zanyatiya-po-psihologii-2764621.html>
3. <https://multiurok.ru/index.php/blog/psihologicheskie-reko-mendatsii-dlia-uchitelei-na-period-distantsionnogo-obucheniia-i-samoizoliatsii.html>
4. Бобченко Т.Г. Психологические тренинги. Основы тренинговой работы. Учебное пособие. – М.: Юрайт. 2020. 132 с.
5. Болотова А.К. Прикладная психология. Основы консультативной психологии. Учебник и практикум. – М.: Юрайт. 2019. 340 с.
6. Еромасова А.А. Общая психология. Методы активного обучения. Учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт. 2019. 182 с.

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАЛАПТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

ТӨЛЕГЕН ПЕРИЗАТ ҚАЙЫРЖАНОВНА
«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК
педагогика-психология пәнінің оқытушысы.
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Қоғамдағы адамзаттық қажеттіліктер артқан сайын, кез-келген өзгерістерге шығармашылық арқылы жету, мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы шешетін, қоғамның жылдам ырғақпен дамуына байланысты, адамдарды жағдайлары тез ауысатын өмірге дайындау қажет. Қоғамда жеке тұлғаның шығармашылық ынтасына деген қажеттілігі неғұрлым табанды болса, соғұрлым шығармашылық мәселелердің стимулын және жағдайын, оның шығу негізін теориялық тұрғыда тереңірек қарастыру қажет.

Қазіргі білім беру стратегиясы барлық білім алушыларға өз таланттарын және шығармашылық талаптарын, жеке жоспарларын іске асыруларына мүмкіндік жасауда. Бұл позициялар Отандық мектептердің гуманистік даму тенденциясына сәйкес келеді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерімен педагогтар хабардар болып, оларды үздіксіз дамытып «арттырулары» қажет. Ұжымдық немесе жеке оқу түрі болсын бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекеттерімен байланысты ойлау қабілеттерін дамыту өзекті мәселе.

Негізгі құндылықтарды білмей, балалар жалған, күмәнді құндылықтарды тез қабылдайды. Білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақты болашаққа дайындау болып табылады. Шығармашылық – бұл осы мақсатты тиімді іске асырушы жол.

Шығармашылық дамудың көрсеткіші – креативтілік болып табылады. Психологиялық зерттеулерде креативтілік ұғымы индивидтің жеке және ақыл-ой ерекшеліктерін, мәселелерді дербес шеше алуға қабілеті бар тума ойлардың туындауы және оларды шешу білу кешенімен түсіндіріледі.

Қазіргі ғылыми зерттеулер, тұлғада шығармашылық дамыту бұл жалпы дамуға қайталанбас ықпал беретінін дәлелдейді: эмоциялық

сферасы қалыптасады, ойлауы жетіледі, әсемдікке, өнерде және өмірде бала сезімтал бола бастайды. Сабақтағы шығармашылық тапсырмалар тұлғаның жалпы шығармашылығының дамуына, бұл өз кезеңінде қайырымдылықты, қиялды, образдық-ассоциациялық ойлауды, есті белсендіріп, байқампаздықты, интуицияны тәрбиелеп, баланың ішкі әлемін қалыптасуына себепші болады.

Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Болашақ мамандардың интеллектуалдық капиталы осы көрсетілген барлық талаптардан тұратындықтан, педагогика және психологиядан алынатын білім де оны биік деңгейде, яғни ғылыми жаңалықтар ашу, жоғары технологияларды күнделікті қолдану сияқты талаптарға сай болуы керек. Педагогика мен психологияға деген қызығушылықты, ол арқылы адамның креативтік қабілетін ашу, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыру, әлемді өзінше тани білуге жетелеу арқылы дамытуға болады.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Жоғары оқу орнында білікті мұғалімді даярлау үшін оқытушының да, студенттің де қажымас еңбегі қажет. Педагогикалық практика мұғалімді кәсіби даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында «педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына оқытудың бүкіл жылдар бойы

үздіксіз педагогикалық және психологиялық-педагогикалық практиканы енгізу» қажеттігі көрсетілген. Студенттердің креативтілік белсенділігін қалыптастыруда оқу материалдарының маңыздылығы дәрежесіне қарай оның құндылығын анықтап, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту үрдісінде студенттің креативтілік белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етілуі тиіс.

Студенттердің креативтілік белсенділігінің даму деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғары деңгейі креативтілік міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал, орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады. Төменгі деңгейде студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана креативтілік әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады.

Креативтілік ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады. Ол — сезімталдық, креативтілік және еріктік үрдіс нәтижесі, креативтілік уәж бен өз бетінше әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын креативтілік әрекетке бейімделу.

Студенттердің креативтілік белсенділігін арттырудың негізгі факторларына олардың өз мүмкіндігін сезінуі, студенттердің өз таңдауымен жұмыс істеуі, оларға оқытушы тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы, т.б. жатады.

Студенттердің креативтілік іс-әрекетін белсендіруді қалыптастырудағы тиімді әдістерге жеке-жеке тоқталайық.

Проблемалық — дамыта отырып оқыту әдістер жүйесі. Бұл әдістер жүйесі мынадай негіздер бойынша топталды: проблема деңгейіне байланысты; мұғалім әрекеті, түріне байланысты (*оқытушының баяндау әдісі: монологты, көрсету, диалогты; студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдісі, эвристикалық, зерттеу*).

Монологты оқыту әдістері. Белгілері: оқытушының оқу материалын ауызша баяндауы, фактілерді қызғылықты суреттей отырып түсіндіруі, т.б., проблемалық жағдайлардың пікірталас түрінде пайда болуы. Студенттердің орындаушылық іс-әрекеті басым: белсенді ойлау, бақылау, тыңдау және есте сақтау, іс-әрекеттің үлгі бойынша орындалуы; білімін, сапасын бағалау.

Көрсету әдісі. Белгілері: оқу-креативтілік немесе ғылыми проблеманың шешілу логикасы көрсетіледі; дәлелдеме, пікірлер үлгілері беріліп, шындыққа жету жолы көрсетіледі.

Диалогты әдіс. Негізгі белгілері: оқу материалын әңгіме формасында беру.

Эвристикалық әдіс. Негізгі белгілері: материалды оқыту эвристикалық әңгіме ретінде ұйымдастырылады; креативтілік сұрақтар қойылады; креативтілік тапсырмалар шешіледі; оқу проблемалары қойылып, оны студент мұғалім көмегімен шешеді.

Зерттеу әдісі. Негізгі белгілері: оқытушы проблемалық сипаттағы тапсырмаларды береді, жұмыстың мақсатын студентпен бірлесе отырып құрайды, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады. Теориялық және практикалық сипаттағы проблемалық жағдайлар студенттердің тапсырмаларды орындауы барысында туындайды.

Алгоритмдік әдіс. Негізгі белгілері: студенттің ауызша жауап беруі; әрекет үлгісін көрсету және оның орындалу алгоритмін көрсету (*ережелер біртұтастығы*); студенттердің өздері жасағанда мүмкін болатын жағдайлар.

Интерактивті әдіс. Оқу процесінде оқу акпаратын меңгеру және қабылдау өзара креативтілік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «*жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын*» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. Қазіргі кезеңдегі студенттердің белсенділігін қалыптастырудың шарттарының бірі — оқытушы мен студенттердің өзара қарым-қатынасындағы ынтымақтастық болып табылады.

Білім берудің ұлттық моделіне көшуде ойшыл, зерттеуші, өз ісінде жаттандылықтан аулақ, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог — педагогтік диагностика қоя білетін іскер оқытушы қажет. Оқытушының бағыттаушы рөлінің арқасында студенттердің білімді игеруге бағытталған, әрі қарай өз бетімен білім алуды қажетсінуі, ізденуі креативті түрде ойлауы қалыптасады. Оқу-креативтілік және ғылыми ізденістер жүйесі студенттердің көзқарасын кеңейтуде интеллектін көтеруде, болашақ маманның әлеуметтік-психологиялық мінезіндегі жеке қасиеттерінің дамуына елеулі әсер етеді. Демек, студенттердің креативтілік белсенділігі — олардың жеке дамуын қамтамасыз етеді, өзіндік шығармашылық ой-өрісін кеңейте білуімен сипатталатын жеке тұлғаға тән қасиет.

ҚЫЗ ТӘРБИЕЛЕЙ ОТЫРЫП, ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

ЖАКУПОВА МОЛДИР ТУЛЕНДЫЕВНА

«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледж» КМҚК

математика пәнінің оқытушысы.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Халқымыз ұрпақ тәрбиелеп, өмірге ұлы тұлғалар әкелетін қыздарымыздың айрықша әдепті де көрікті болғанын қалаған. Бүгінгі қыз – ертең бір әулеттің келіні. Сол келін өмірге ұрпақ әкеліп, ақ жаулықты ана атанады. Ал аналар – елдің тәрбиешісі, ұлттың беломыртқасы, берекенің бесігі. Іргетасы мықты соғылған үйдің ұзаққа шыдайтыны секілді, жақсы тәрбиенің қаймағын қалқып ішкен қыздан көргенді келін, білікті ана шығады. Ендеше, әрбір елдің өмірдегі шешуші кілті – қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Халқымыз «*қыз – қонақ*» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз «*Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю*» деген мақалға канша ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек ата-анасы жауапты емес, ел жауапты болып отыр. Осыны негізге ала отырып «*Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз*» атты тақырыпты таңдадым.

Мақсаты: Бүгінгі таңдағы қыз бала тәрбиесінің каншалықты дәрежеде екенін салмақтау, атқарылып жатқан жұмыстарды бағамдау, қыз тәрбиелеуде атқарылған жұмыстарды хабарлар ету.

Қазақтың батыл қыздары, ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиеледі. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана. «*Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп*», – деген ұлағатты сөз осыдан туса керек. Пәренжі-сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерліктің ара жігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі, шашын төбесіне түйіп жауға шыққан батыр қыздар қазақта болған.

Қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамға тоқталсақ – тәуелсіз, еркін еліміз осы заманның даму үрдісі жандамдығымен зымырап келеді. Алдағы мақсат – дамыған елу елдің қатарына ену. Ал қоғам да уақыттан қалмай, ортамызға келген жаңа дүниелерге сеніп, қалыптасу үстінде. Уақыт талабы – жарнамалық технология. Сондықтан қоғам уақыт талабына сай өмір сүру үшін, заман, адамдардың жеке тұлғалық факторларды талап етеді. Ұлттық сана-сезімге сіңіп, арғы тегімізден келе жатқан адами қасиеттерімізді жойып алмауды қажет еткендей. Қазақ халқы ежелден келе жатқан мәдени мұрасымен тәрбиелік мәні зор

салт-дәстүрін жалғастырып келеді. Осы байлықты нарықты заманда қалыптастырып, ұлттық қасиетін жоймау керек. Ең басты мәселе адам тәрбиесі, оның қоғамдағы алатын орны. «*Орта түзер ойыңды, ойың түзер – бойыңды*» – деп, Абай атамыз айтқандай мемлекеттік тұрғыда назар аударуды қажет ететін ұлттық сана-сезім, тәрбие бар. Осы орайда – болашақ сүйікті жар, ардақты ана-қыз баланың алар орны ерекше. Қыздарымыз өзінің ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен, сүйкімділігімен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы сыйлы.

Ал қазіргі таңда, қыздарымыздың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқаны байқалады: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады, тіпті жойылып барады деуге болады. Сондықтан барлық жоғары оқу орындарында қыз тәрбиесіне арналған арнаулы курс жүргізілсе, бұл ұлттық маңызы бар оқиға болар еді деп ойлаймын. Қыз тәрбиесіне байланысты арнаулы оқулықтар шығарылуы қажет.

Бізде оқып, білім алып жатқан студенттердің көбісі қыз балалар. Сондықтан да қазақ халқының алтын бесігі – ұлттық мектептерге маман дайындау – біздің Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледж ұжымы үшін өрелі, әрі қастерлі міндет. Осы орайда біздің аталмыш оқу орынында Рухани адамгершілік – тәрбие бағытындағы «*Инабат*» клубы жұмыс жасайды. Клуб жетекшісі мен М.Т. Жакупова. Клуб мүшелері әр оқу жылында жаңартылып отырады және әр оқу жылына клубтың жоспары бекітіледі. Осы аралаықта «*Қыз бала тәрбиесіне*» байланысты көптеген іс-шаралар өткізілді. Солардың бірнешеуін атап өтсем. Клубтың алғашқы шарасы ретінде қазақтың көнеден келе жатқан қолданыста сирек кездесетін салт-жораларын жиыстырып, көпшілікке «*Ұрпақ азбасын, дәстүр тозбасын*» атымен тамаша кеш сыйладық. Әсерлі ән, әдемі би, салт-дәстүрден сыр шертер көрініс, көрермендермен ойын, қазақтың ырым-тиымдары жазылған клуб бастамасымен шығарылған кітапшасын көрермендерге тарту еткен, жастарға берері мол дүние болған. Одан кейінгі кезекте қазақтың батыр, ержүрек қыздарына арналған Әлия мен Мәншүктей батыр апаларымызды дәріштер кеш өз көрермендеріне жол тартты. «*Қазақтың қыздарына қайран қалам*» атты колледжіміздің I курс арулары арасында қыз сыны байқауы өткізілді. Сайыс бөлімдерін қазақ қызы бойынан табылуы тиіс қолөнер, мәнін келтіре отырып ұршық иіру, ас мәзірін

дайындау, білімділіктерін, өнерлерін және де ырым тиымдарды көрініс арқылы жеткізе білу шарттары бойынша бағаланды. Бұл да болса колледжіміздегі студент қыздарымызға үлкен сабақ болды.

Сонымен қатар, «*Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле*» атты «*Айтуға оңай*» ток-шоуы өткізілді. Ток шоуда тақырыпқа тұздық болар бейне баяндар және қонақ ретінде үлкен ата-әжелерімізді шақырып сауалға ойы терең жауап алдық.

Әрине бұл да болса теңізге тамған тамшыдай болсын қазақ қыздарына деген үлгілі тәрбие берсек деген ойымыз, еңбегіміз. Мұнымен тоқтап қалмақ емес, «*Инабат*» клубының алда талай игі шаралардың бастамасын жасарымыз сөзсіз.

Қорытынды: Жас өскін талшыбық сияқты. Оны аялап-мәпелесен, бәйтерек болып өседі. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінеріміз хақ.

Ертеңгі ана – еліміздің көркейуі өздеріне байланысты болған қыз баласының тәрбиесіне берік болып, болашақ ұрпақтың дені сау, мәдениетті, иманды тәрбиеленуі әрқайсысымыздың міндетіміз. Абай Құнанбаев атамыз айтқандай Замандасың жаман болса, сен де кінәлісің! Баршамыз қыздар үшін қырық тыйымның бірі бола білсек. Болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік болар еді. «*Ел болам десең – бесігіңді түзе*» деген, ел сенімін ақтап, болашақ ана болар, тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар білімді, тәрбиелі, инабатты, сыпайы, әдепті қыз бала тәрбиелеу ұлы парызымыз деп білейік.

Қыз бала тәрбиелеуде кеш қалмайық!!!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыныптап тыс журнал, №5(68) 2010.
2. Республикалық педагогикалық журнал, №8 (56) – 2009.
3. Этнопедагогика 2004 ж. – Ә. Табылды.

Қазақ руханиятының көшбасшысы – Әлихан Бөкейханов

БАЛТАБАЕВА МЕРУЕРТ АМАНБЕКОВНА
«*Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі*» КМҚК
тарих пәнінің оқытушысы.
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға және Алашорда үкіметінің төрағасы. Жарық дүниеде «*Жасасын Алаш!*» деп ұран салып, қара тырнағынан әл кеткенше, ғұмырының соңына дейін қазаққа қалтқысыз қызмет еткен аялуы тұлғаның биыл 155 жылдығы. Әлихан Нұрмұхамедұлы көтерген идеялар өлген жоқ. Қайта Алаш рухты жастың бойында, санасында қайта жаңғырып жатыр.

Әлихан Бөкейханды «Бүкіләлемдік шынайы даңқты қайраткер» ретінде ЮНЕСКО мойындап, халықаралық деңгейде дүркіреген 150 жылдық мерейтойы ел тәуелсіздігінің 25 жылдық тарихи межесімен қатар келсе, биылғы 155 жылдығы тәуелсіздіктің «*орда бұзар*» отыз жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – жәй сәйкестік емес, тарихтың өзі байланыстырып отырған сабақтастық, үндестік.

Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі 1879

жылы Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Көкірегі ояу Әлихан бастауыш мектепті бітіріп кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түседі. 1886 жылдың маусымында училищені бітірді деген аттестат алады. 1886 жылы ол Омбыға келіп, жергілікті 4 жылдық техникалық училищеге қабылданды. Әлихан студенттік кезеңінде күнделікті сабақтарына қоса, студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және т.б. студенттік үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Осы жылдары Әлиханның саяси көзқарасы қалыптаса бастайды, оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Ол ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де ұмтылмады, өйткені негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады.

XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысқан ол 1896 жылы көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланған. Әлихан «*Ресей. Жалпы географиялық сипаттама*» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. 1904 жылы қазақ да-

ласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А.Шербина экспедициясының құрамында болды.

1911-1914 жж. Әлихан Бөкейхан «*Жаңа энциклопедиялық сөздіктің*» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. Әлихан Бөкейхановтың мұрасы әр салаға арналған мыңдаған очерктер мен мақалалардан тұрады. Олар Ресей мен қазақ елінің барлық басылымдарында жарық көрді.

Ұлт зиялысы 1890 жылы өрімдей жас кезінде өзінің шығармасында: «Өзгеге жамандық тілеу – өзіңге жамандық жасау, себебі, басқалармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз. Адам баласы үшін ең қиыны рухани тыныштық жағдайына жету, оған біз санамен де, байлықпен де жете алмаймыз, тек ілім мен білім жолына түсу арқылы ғана адам баласы толыққанды рухани кемелдікке жете алмақ» деген ойларынан бастау алған оның педагогикалық мұрасы бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеуші ұстаздар үшін баға жетпес құндылық. Ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген.

Әлихан Бөкейхан өзінің «*Ашық хат*» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден. Адам баласын өзіңдей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмма, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім, біліммен, мінез мінезбен» – дейді. Адам білімді болмаса да тәрбиелі, әдепті болуы әбден ықтимал – деген қағиданы ұстанған.

Әлихан Бөкейханов 1903 жылы Санкт-Петербургте екі автормен бірлесіп жазған «*Қазақ әкісінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері*» атты тұңғыш ғылыми монографиясын жариялады. Аталған еңбекте ол Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуын, хандықтың кейінірек үш жүзге бөлінуін, сондай-ақ, 1910 жылы «*Қазақтар*» атты тарихи-анықтамалық очеркін жариялады. Абайды алғаш рет орыс оқырмандарына таныстырады, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын бағамдайды.

Жазбаша тарихы сақталмаған өз ұлтының тарихын, ол халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан іздеді. «*Тарих болса ел өсіп өнеді, тарих болмаса ел жоғалады. Бұл – хақ*», – делінген. Ә.Бөкейхан, өз ұлтының тарихын түгелдеуге барын сала кіріскені, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазған «*Қобыланды жырындағы әйелдер бейнесі*», «*Қара қыпшақ Қобыланды*», «*Мырза Едіге*», «*Батыр Бекет*», «*Тарих керек*» атты мақалаларынан айқын көрінеді. Ол өзінің әдеби-сын мақалаларын ұлтының тарихын түгелдеу үшін жазып отырғандай әсер қалдырады. «*Тарихты түзуге өлең, мақал,*

тақпақ, ертегі-халықтың қолданып жүрген ғұрып-әдеттері, ескі қару, ер-тұрман, үй ішіндегі құралдар секілді тоқсан тоғыз жолдары болады», – деген.

Қазақ жазба әдебиетінің бастауында тұрып оған жол нұсқап, бағыт-бағдар беруді ол өзінің перзенттік борышым деп түсінді.

Алаш ардақтысының соңында қалған мұраларының елеулі бөлігі – аудармалары. Ол көркем аудармамен, ғылыми, ғылыми-танымдық, саяси әдебиеттер мен түрлі пән оқулықтарын, оқу-ағартуға арналған құралдарды аударумен де айналысты. Олардың арасында қысқа-қысқа мысалдар мен әңгімелер де, көлемді повестер мен романдар да бар. Әдеби тілді, ғылым тілін қалыптастыруға қосқан Ә.Бөкейхан үлесінің бірі ол жасаған терминдер. Аударған оқулықтары мен ғылыми еңбектерінен оның қаламынан туындаған көптеген терминдерді кездестіруге болады.

Тұңғыш жалпыұлттық қазақ басылымын шығаруға мұрындық болған ұлт көсемі Әлихан екеніне тарихи айғақ-деректер шүбә келтірмейді. Ә.Бөкейханның «*Қазақ*» газетіне өз авторлығымен жазған мақалалары да саны жағынан мол. Ол ол ма, газеттің әрбір санында Әлиханның Қыр баласы, Қ.Б., Ғ. Бөкейханов, Ғ.Б. (яғни Ғали хан Бөкейхан), Ғали хан, Түрік баласы, Арысұлы деген бүркеншік есімдермен жарық көріп тұрған. Жалпы, «*Қазақ газетінің*» 6 жылда шыққан 265 санында бір Әлекеңнің 300-ге тарта мақаласы, әдеби сыны, фольклорлық зерттеуі, көркем аудармасы, ашық хаттары, пікірталастары, үндеулері және т.б. туындылары жарияланды. Сондай-ақ, 1926 жылы орта мектеп оқушыларына арнаған астрономия оқулығын жазып шығарған.

Әлихан Бөкейханов мұрасында ерекше орын алатын туындыларының бірі – көркем аударма. Қаламгер аудармаларында тәрбие түрлері жан-жақты берілген.

Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғаған педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың сол кезеңде айтқан «*оқытуды ана тілінде жүргізу керек*» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол кезеңде Алаш көсемі көтерген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық құжат болып бекітілді.

Әлихан Бөкейхан қаламынан туған «*Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи*», «*Киргизи*», «*Жағрафия*», «*Астрономия*», «*Материалы к истории султана Кенесары Касымова*» атты еңбектері халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау боларлық әдеби, педагогикалық мұра. «Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан Бөкейханов 1917 жылдың желтоқсанында Алаш ұлттық

территориялық автономиясын жариялап, оның төрағасы болып сайланды. Әлихан Бөкейханов биік өре иесі ретінде өзге ұлыстардың құқығына қол сұқпай, бұдан былай қазақтың қайта құрылған елі көпұлтты, көпдінді және сан мәдениетті, бірақ көп мәдениетімен тұтас мемлекет болатынын болжады. Қазақ халқын әлемдік қауымдастықта мәртебесі биік «Мәңгілік Елге» айналдыру идеясы басты орында тұрды. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 3 санында жарияланған мақаласында «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің ұлттық санамызға ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (*Казакская культура*) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (*Казакская литература*) тұрғызып,

қазақшылығын сақтамақшы» деген сөздері дәлел болмақ. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұлқызын қазақша оқытып, билік пен төрелікті қазақ тілінде айтуы үшін аянып қалған жоқ! Қайсар рухты, асыл текті қайраткердің көшбасшылық арынымен де, қаламының қарымымен де қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі де елеусіз қалмасы анық.

Қазақтың шаңырағынан түскен күндей болған ер Әлиханды ел мәңгілікке ұмытпайды. Ұмытпайтыны – Әлиханның идеясы – Алаш идеясы. Ал, Алаштың жолы – біздің жол.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІНДЕ ҮШ ТІЛДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЛЕКЕРОВА ЖАНСАЯ ЖАНАХМЕТҚЫЗЫ

«Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК

өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Резюме:

В статье рассматриваются проблемы формирования духовно-нравственной личности через элементы полиязычного образования на уроках самопознания.

Resume:

The article deals with problems of formation of the spiritual elements moral personality through multilingual education in lessons of self-knowledge.

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет.

“Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек” – деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелейді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Осыған орай менің бүгінгі жұмысымның тақырыбы: «Өзін-өзі тану пәнінде үш тілді қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру».

Мақсаты: өзін-өзі тану сабағында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарды

қалыптастыруда сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді үш тілдік оқытуды қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

➤ Тәжірибе барысында өзін-өзі тану пәні арқылы бастауыш сынып оқушыларының бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтары ерекшелігін айқындау;

➤ Кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін танып, үш тілдік білім беру элементтерін енгізіп, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жол көрсету.

Тіл – халықтың ең басты қазынасы. «*Үштұғырлы тіл*» туралы жобаны Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, бұл мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл қазақ, орыс және ағылшын халықтарына үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде таныту болып табылады.

Шығыс ғұламалары Омар Хайям: “Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер” десе, Рудаки бұл ойды одан әрі нақтылай түседі: “Өмір – теңіз, жүзем онда демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз”. Қарап отырсақ, әлемдегі қайғы-қасіреттердің болу себебі адам өмірінде адамгершілік құндылықтардың және арман-мұратының болмауынан екен. Сондықтан да ізгіліктің ең үлкені – адамдарға жақсылық жасау деп түсінсек, мұның өзі адамның бойында ізгіліктің болуынан бастау алады екен. Біреулер қоғамда көп ғылымның, біреулер үлкен байлықтың иесі болар. Бірақта адамда адамгершілік қасиеттер болмаса, бұл жеткен жетістіктері жалаң, жадағай болып шығады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тиімділігі.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен нәрселерге затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондықтан рухани-адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте ұстай білуі, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету. Жоғары рухани құндылықтар: махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, жалпы адамгершілік және т.б.

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз. Бастауыш сынып оқушыларының білімін және адамгершілік қасиеттер мен құндылықтар туралы түсініктерін кеңейтуге, оқу іскерліктерін дамытуда сабақта «Мәтін оқу», «Сабақтың дәйексөзі», «Әңгімелеу», «Әңгімелесу», «Ойын», «Жаттығу», «Шығармашылық жұмыс», «Жаттығу – ойлану»,

«Бейнематериалдар көру», «Тыныштық сәті» әдіс-тәсілдерін қазақ тілінде қолдана отырып, орыс тілін және ағылшын тілімен байланыстыра оқушылардың рухани-адамгершіліктерін және тіл мәдениетін, ой-өрістерін кеңейтіп дамытады.

«Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып-білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінде-ақ пайда болады. Сондықтан да мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарауы керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі», – деп белгілі педагог Ш.Амонашвили айтқандай мұғалім шеберлігі мен білімділігі «Өзін-өзі тану» пәнінің құндылығы мен маңыздылығын аша түседі.

Қорыта келе: Жалпы, менің ойымша өзін-өзі тану сабағында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді үш тілдік оқытуды қолдансақ, оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сөз соңын ұлт көшбасшысы, Нұрсұлтан Әбішұлының сөзімен аяқтағым келеді. «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары».

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЖҮРГІЗІЛУ ӘДІСІ

КАНАФИНА АЙНУР БЕРИКОВНА

«Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледж» КМҚК

педагогика-психология пәнінің оқытушысы.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны баршамызға аян. Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып-тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса, онда жеке тұлғаға қажетті мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Қазіргі жаңа формация бағытында жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалары:

– Баланы оқи білуге үйрету;

– Баланы ойлауға үйрету;

– Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай колледж білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті – студенттің шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы қажеттіліктерді студенттерге меңгерту барысында жобалау іс-әрекет негіздері пәні жүргізіледі.

Жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен

еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін камтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Жоба технологиясының ерекшелігі — баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі. Жоба — ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдынала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс. Жобалау әдісі — мәселені жете зерттеу арқылы, нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жобалау әдісі — барлық кезде қандай да бір мәселенің шешімін жорамалдайды.

Жобалап оқытудың артықшылықтары: логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау, балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы, жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады және ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымактасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады. Сонымен бірге даму деңгейі әртүрлі балаларды оқыту мүмкіншілігі артады.

Жобалау әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.

Жобалаудың түрлері: 1. Монопәндік — білім саласындағы мәселелерді шешетін «Денсаулық» жобасы. 2. Пәнаралық «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім салаларының мәселесін шешетін жоба, яғни бір тақырыпты әртүрлі саладағы ұстаным бойынша оқу жоспарының вариациялық бөлігінің мәселесін шешетін жоба.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға жауап береді:

1) 5 оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;

2) тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариациялық бөлімімен сай келуі мүмкін;

3) мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;

4) жақын даму аймағында орналасуы тиіс.

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әртүрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады. Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге,

іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады. Жобалар әртүрлі белгілеріне қарап бөлінеді. Ең елеулісі іс-әрекеттің басымдық түрі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беруде жобалардың мына түрлері пайдаланылады:

1. **Эмпирикалық:** тірі және өлі табиғат әлемінде өздік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу. «Қар бүршіктері қайдан ұшып келеді». «Нәліктен бәйшешектер бәйшешек деп аталады?». Нәтижелер өсімдік сақтайтын бүктемелер, тәжірибе картотекалары ретінде рәсімделеді.

2. **Зерттеу:** ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әртүрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (*сирек кездесетін және жойылып бара жатқан*) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

3. **Рөлдік ойындар жобасы:** бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді.

Нәтижесінде: — Мазмұнды ойын, бала мерекелері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейінтендіре біледі. Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Балалар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

4. **Шығармашылық жоба:** әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер. Нәтижесінде балалар музыкалық ертегі драмаластыру, стол үстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу, кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған, суреттелген диафильмдердің фильмо-текасын жасау, альбом дизайны көрмесі. Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

5. **Фантастикалық жоба:** таныс әңгімелер мен ертегілер, мультфильмдерді мазмұнына қарай отырып, және балалардың өз шығармашылығы мен қиялынан «Болашақтың қаласы», «Келімсектер жерде», «Суперробот» Бетман сияқты жобалар құру.

Жобаға қатысушылар құрамы топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп болуы мүмкін. Жобаның ұзақтығы қысқа мерзімді — 1,2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ — бір жылға дейін. Тәжірибеде мектепке дейінгі білім беруде жобаның орындалуы мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына байланысты болады.

Әсіресе берілген жобаға деген қызығушылық пен ықыластың тұрақтылығы.

Жобалаудың негізгі қызметі — бағдарламаны белгілеп, арнаулы іс-әрекеттердің жалғасуына құралдар таңдау. Жобалық әдіс — айқын іс-әрекеттер кезеңінен өтетін айдың пайда болуынан бастап жүзеге асуы.

Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді: 1. Дайындық. 2. Негізгі. 3. Қорытынды.

Дайындық (ұйымдастыру) кезеңінде не үшін дәл осы жоба таңдалды деген сұраққа жауап бере отырып, жобаның қазіргі мән-жайы, бұл жоба қандай мәселелерді шешеді және бұл жобаның нәтижесі қандай болмақ осы сұрақтарға жауап беріледі. Сонымен бірге жобаның тақырыбы, мақсаты, міндеті, мәселесі, уақыты және қоры анықталады. Жұмыстық жоспар жасалады, командалар құрылымы, жауапты адамдар тағайындалады.

Негізгі кезең — жобаның жүзеге асуы кезеңі. Бұл кезеңде ақпарат жинап және оны анықтайды, жоба жасақталады, жоспар бойынша негізгі іс-шаралар өткізіледі, жоспарларды бақылау және түзету жұмыстары жүргізіледі.

Жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістер енгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (*жобаның мақсатқа жетуі*).

Қорытынды кезеңде жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің бағалануы және түзетулері енгізіліп және қорытындыланады.

Даму перспективаларын анықтау, жобаның соңғы кезеңі — жобаны қорғау — әрқашан көріністі. Оған ата-аналар мен кішкентай балаларды, жалпы қонақ шақыруға болады. Дәл осы кезеңде жоба эмоциялық тұрғыдан қыза түседі және осы кезде оның әлеуметтік маңыздылығын да арттыру керек. Не үшін, кім үшін жасалғанын және жалпы не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Қорғау өте жарқын болуы керек, онда әрбір баланың, әр ата-ананың, әр мұғалімнің еңбегі көрінетіндей етіп ойластыру керек.

